

«Мир» көшесіне ақынның аты берілді

Арқалық қаласына қарасты Родина ауылының «Мир» көшесіне белгілі ақын, талантты қаламгер, көсемсөз шебері Назарбек Бектемісұлының есімін беру мәселесі қаламызда көптен бері көтеріліп келген болатын.

Талантты жерлесімізге көше атын беру туралы қаламыздың құрметті азаматы Шөптібай БАЙДІЛДИН ағамыз ұсыныс жасап, осы бастаманың нәтижелі болуына табанды еңбек танытқан болатын. Бұл ұсынысты облыстық мәслихат депутаттары да толық қолдады. Осыған байланысты, ақынның атына көше беру мәселесі ел ішінде кеңінен талқыланып, ономастикалық комиссия және жұмыс топтарының отырыстарында қаралды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру

кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидалары» талабына сәйкес жергілікті қауымдастық жиналыстары өткізілді.

Нәтижесінде ақын есімі өзі тұрған Родина ауылындағы Мир көшесіне берілді. Осыған орай арнайы шара өтіп, жерлесіміз 1989 – 1992 жылдары қоныс еткен үйге Назарбек Бектемісов көшесі деген тақтайша салтанатты түрде ілінді.

Ігілікті шараға қала әкімі Әмірхан АСАНОВ арнайы қатысып, талантты бабамыздың есімі ұлықталғаны аса құптарлық іс екенін айтты. «Назарбек Бектемісұлы кешегі тоқсаныншы жылдарға дейін қаламын



қолдан тастамай, облыстық, республикалық басылым беттерінде өзі туып-өскен Торғай – Арқалық өңірінің талантты тумалары мен қаланың тыныс – тіршілігі жайлы мазмұнды мақалаларын үзбей жариялап, оқырман қауымға жеткізіп отырды. Осылайша, тума талант, табиғи дарын иесі қазақ журналистикасының қалыптасуына сүбелі үлес қосып, артындағы ел – жұртына мол – мұра қалдырып кетті. Халқы «Арқалы ақын - Назарбек» деп таныған, қаламдас інілері «Наз аға» деп дәріптеген дарабоз ақын На-

зарбек Бектемісұлының есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында әлі де көптеген жұмыстар атқарылады деген сенімдемін. Олай болса, белгілі қаламгер Назарбек Бектемісұлының есіміне көше беру рәсіміміз қайырлы, құтты болсын, ағайын!», - деп лебізін жеткізді қала басшысы.

Жиында Шөптібай БАЙДІЛДИН, Назарбек Бектемісұлының келіні Майя БЕКТЕМІСОВАЛАП (суретте) сөз алып, ақын атамыздың есімін ел жадында мәңгі қалдыру ісіне қолдау білдірген жандарға алғыстарын жеткізді.

«АХ»